

Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынуға жататын құндылықтарды тапсырудың және қабылдаудың, сондай-ақ оларды үкіметтік (бюджеттік) резервтен берудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Құшын жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2000 жылғы 26 желтоқсандағы N 561 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 23 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1371. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы Министрінің 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы Министрінің 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан

үзінді-----

Б ұ й ы р а м ы н :

1. "Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынуға жататын құндылықтарды тапсырудың және қабылдаудың, сондай-ақ оларды үкіметтік (бюджеттік) резервтен берудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 26 желтоқсандағы N 561 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2001 жылғы 23 қаңтарда N 1371 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 27 қазандағы N 1391 P951391_ қаулысымен бекітілген Үкіметтік (бюджеттік) резервке тапсырылатын құндылықтарды тапсырудың, берудің, есептеудің және сатудың тәртібіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынуға жататын құндылықтарды тапсырудың және қабылдаудың, сондай-ақ оларды үкіметтік (бюджеттік) резервтен берудің тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Келісілген:

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Бекітілген:

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

2000 жылғы 26 желтоқсандағы

N 561 бұйрығымен

Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынуға жататын
құндылықтарды тапсырудың және қабылдаудың, сондай-ақ оларды
үкіметтік (бюджеттік) резервтен берудің тәртібі туралы
НҰСҚАУЛЫҚ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынуға жататын тазартылған және тазартылмаған қымбат бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ қымбат бағалы металдардан тұратын басқа да құндылықтарды (бұдан әрі - құндылықтар) тапсырудың және қабылдаудың, сондай-ақ үкіметтік (бюджеттік) резервтен берудің тәртібін анықтайды.

2. Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынған құндылықтарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығының (бұдан әрі - Орталық) қабылдауы, сақтауы және беруі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) арасында жасалған шартқа, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдеріне Р951391_ , сондай-ақ осы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Орталықтың құндылықтармен жасалатын операцияларды жүзеге асыратын қызметкерлерімен толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарттар жасалады.

3. Осы Нұсқаулықта қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тазартылған қымбат бағалы металдар - тазарту сатысынан өткен және халықаралық стандартқа немесе Қазақстан Республикасының стандарттарына жауап беретін қымбат бағалы металдар (кесек, ұнтақ, түйіршек түріндегі);

2) тазартылмаған қымбат бағалы металдар - алтын, күміс, платина және кез келген түрдегі және жай-күйдегі: шикізат, қорытпа, жартылай фабрикат, өнеркәсіп өнімдері, химиялық қосындылардағы, бұйымдардағы, сынықтағы және қалдықтардағы платина тобының металдары (палладий, иридий, родий, рутений, осмий) ;

3) асыл тастар - шикізат және өңделген түрдегі табиғи алмастар, изумрудтар, лағыл тастар және сапфирлер;

4) жартылай асыл тастар - александрит, асыл шпинель, эвклаз, топаз, жасыл ақық, берилл, қызыл турмалин, хризолит, демантоид, фенакит, аметист, альмандин, уваровит, гиацинт және асыл жылтыр тас сияқты мөлдір және жартылай мөлдір табиғи тастар;

5) арзан құнды тастар - кордиерит, диоптаз, кианит, көгілдір ақық, полихромды турмалин, тау хрусталі, сұрғылт кварц, халцедон, жұзақ, сердолик, гелиотроп, хризопраз, күн және ай тас, сондай-ақ өзен інжуі, маржаны және янтарь сияқты жартылай мөлдір және мөлдір емес табиғи тастар;

6) синтетикалық тастар - құрамы, түсі және физикалық қасиеті бойынша табиғи аналогы бар жасанды синтезделген тастар: синтетикалық корунд, синтетикалық циркон, синтетикалық аметист, синтетикалық лағыл тас және табиғатта аналогы жоқ синтетикалық фианитті қоспағанда, осы сияқты басқалар;

7) зергерлік тастар - өңделген асыл, жартылай асыл, арзан құнды және синтетикалық тастар түрінде зергерлік бұйымдардағы ендірімелер;

8) зергерлік бұйымдар - сапалы, бұрын пайдаланылмаған немесе қымбат бағалы металдарды қоспай-ақ елеусіз ғана қалпына келтіруді (өңдеуді, тегістеуді) талап ететін, әзірлеуші зауыттың сұртілмеген белгісі бар, қымбат бағалы металдардың қорытпасы және коммерциялық мүддені білдіретін жеке киім-кешек бұйымдары, үй-жайдың ішкі көрінісінің әшекейі және қымбат бағалы металдардан жасалған үстелді жабдықтау заттары.

4. Орталықтың аумағына кіру (шығу), көлікпен кіру (шығу), құндылықтарды алып кіру (алып шығу) және көлікпен алып кіру (алып шығу) тәртібі және оның ішкі объективті режимі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық кесімдерімен реттеледі.

2. Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынатын құндылықтарды тапсырудың тәртібі

5. Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынуға жататын құндылықтары бар сәлемдемелерді жеткізу мен тапсыруды салық, кеден және құқық қорғау органдарының (бұдан әрі - жөнелтушілер) тапсырмасы бойынша арнайы байланыс ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жөнелтушілердің өкілдері тікелей жүзеге асырады.

6. Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынатын құндылықтары бар сәлемдемелерді қабылдауды қажетті жабдықтармен және мүкәммалмен жарақтандырылған, арнайы бөлінген үй-жайларда Орталықтың қымбат бағалы металдардың қор бөлімі сақтау орнының меңгерушісі және қымбат бағалы металдардың сақталуын бақылау бөлімінің бас бақылаушысы жүргізеді.

7. Құндылықтары бар сәлемдемелерді қабылдау олардың жөнелтілуін жүзеге асыратын жөнелтушілердің жазбаша хабарламалары бойынша жүргізіледі.

Хабарламаларда құндылықтардың Орталыққа келіп жеткен күні, сәлемдемелердің саны, ілеспе құжаттар парақтарының саны, арнайы байланыс ұйымының атауы немесе құндылықтары бар сәлемдемелерді Орталыққа тапсыру үшін жөнелтушінің уәкілетті өкілінің аты-жөні, әкесінің аты, қызметі, оның жеке

басын куәландыратын құжаттың нөмірі, сондай-ақ құпия мәліметтерге кіру рұқсаты туралы анықтаманың бар екендігі көрсетіледі.

Сәлемдемелерді жеткізу туралы жазбаша хабарлама факсимилдік байланыспен жіберілуі мүмкін. Хабарламаның түпнұсқасы сәлемдемелерді өткізген күні Орталыққа тапсырылады. Хабарламаның деректемелері Орталықта кіріс кореспонденцияларын тіркеу журналына жазылады.

8. Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынуға жататын құндылықтарды Орталыққа жөнелту алдында жөнелтушілер буып-түюі, пломбалауы (сүргі салуы) және мынадай құжаттармен:

санын, салмағын, пробасын, қымбат бағалы металдардың немесе асыл тастардың түрін және әрбір заттың ерекше белгілерін көрсете отырып, құндылықтардың егжей-тегжейлі сипаттамасымен бірге тиісті органның басшысы мен бас бухгалтері қол қойған тапсырылатын құндылықтардың тізімімен;

үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынатын құндылықтарды тәркілеуге арналған құжаттардың көшірмелерімен (алу актілері, соттың шешімі, сот сараптамасының актілері және с.с.) жарақтандыруы тиіс.

Орындарына буып-түйілмеген немесе пломбаланбаған (сүргі салынбаған) құндылықтар, сондай-ақ өздері бойынша таңбаларындағы деректемелерінің ілеспе құжаттардың деректеріне сәйкес келмеуі анықталған сәлемдемелер, ілеспе құжаттары жоқ сәлемдемелер, сондай-ақ бүлінген пломбалары, мөрлері немесе өзі бойынша салымдарға қол жеткізуге болатын бумасы бар сәлемдемелер қабылданбайды. Бұл жағдайда қабылдап алу актісі ресімделмейді және арнайы байланыс тізілімінде тиісті белгі жасалады.

9. Құндылықтары бар сәлемдемелерді сақтауға қабылдау олар түскен күні оларды ашпастан, буманың, орап байлауының тұтастығын, пломбалары мен мөрлерінің сақталуын тексеру жолымен жүргізіледі. Сәлемдемелерді қабылдаудың қорытындылары 1-қосымшаға сәйкес алдын ала қабылдау актісінде көрсетіледі. Арнайы байланыс ұйымдарынан келетін сәлемдемелер тізілім бойынша қабылданады.

10. Құндылықтары бар сәлемдемелерді қабылдау кезінде олардың радиоактивтілігін өлшеу мақсатында бақылау жүргізуге рұқсат етіледі. Радиациялық сәулесі белгіленген нормалардан артық, жоғары фонды сәлемдемелер қабылданбайды және тезарада қайтаруға жатады.

3-тарау. Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынатын құндылықтарды қабылдау тәртібі

11. Құндылықтарды қабылдауды Орталық директорының 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген өкімімен құрылған Орталықтың комиссиясы жүргізеді. Комиссияның құрамына қымбат бағалы металдар қор бөлімінің

сарапшысы және қымбат бағалы металдардың сақталуын бақылау бөлімінің бақылаушысы енеді. Құндылықтарды қабылдаумен бір мезгілде құндылықтардың пробалары және түрлері бойынша 3-қосымшада белгіленген үкіметтік (бюджеттік) резервтің құндылықтары түрлерінің тізбесіне сәйкес оларды сұрыптау жүзеге асырылады. Құндылықтарды қабылдау мен сұрыптаудың дұрыстығына бақылауды бас сарапшы-геммолог жүзеге асырады.

12. Құндылықтарды қабылдау және оларды сұрыптау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) өкілдерінің қатысуымен немесе қатысуынсыз, олардың жазбаша келісімімен жүргізіледі.

13. Құндылықтары бар сәлемдемелерді қабылдау кезінде сарапшы мен бақылаушы буманың, орап байлауының тұтастығын, пломбаларының (мөртаңбаларының) және таңбаларының сақталуын тексереді. Құлақша қағаздардың деректемелерін өкімнің деректерімен салыстырады.

14. Құндылықтары бар сәлемдемелерді құндылықтарды әзірлеу учаскесіне (орнына) дейін жеткізуді арнайы арбамен тиісті сарапшы мен бақылаушы жүргізеді.

15. Құндылықтармен жұмысты бастар алдында комиссия жұмыс орнын байқауды және өлшеуіш жабдықтары мен құндылықтарды пайдалану бойынша техникалық құжаттамаға сәйкес олардың сапасын бақылау жөніндегі приборларды дайындауды жүргізеді.

16. Сәлемдеме пломбаларын немесе таңбадағы мөртаңбаларын бұзбастан, жұмыс үстелінде сақтау орны меңгерушісінің және сақтау орны бас бақылаушысының қатысуымен комиссия ашады. Сәлемдеменің пломбалары мен таңбасы (мөртаңбасыз немесе мөртаңбамен) бақылаушы тексерген ыдысымен және буып-түю материалымен құндылықтарды қабылдау және сұрыптау жөніндегі жұмыстар аяқталғанға дейін комиссияда сақталады. Жұмыстар аяқталғаннан кейін сәлемдеменің таңбасы жүргізілген жұмыстардың актісімен және жөнелтушінің ілеспе құжаттарымен бірге іске тігіледі, ал одан әрі пайдалануға жарамды буып-түю ыдысы мен материал сақтау орнының меңгерушісі мен бас бақылаушысына тапсырылады. Одан әрі пайдалануға жарамсыз буып-түю ыдысы мен материал комиссия бақылаушысы оларды қарағаннан кейін жойылады, ал пломбалар пайдаға асырылады.

17. Құндылықтарды қабылдау оларды қайта есептеу, салмағын, сапасын (пробасын) анықтау және алынған деректерді жөнелтушінің ілеспе құжаттарымен (хат, актілер, салымдардың тізімдемесі, тізілімдер, түбіртектер) салыстыру жолымен жүргізіледі. Құндылықтарды қабылдау қорытындылары 4-қосымшаға сәйкес қабылдап алу және сұрыптау актісінде көрсетіледі.

18. Құндылықтарды өлшеу, сондай-ақ қымбат бағалы металдардың түрін

және пробасын анықтау Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

19. Зергерлік тастардың диагностикасын комиссия сарапшысының және бақылаушысының қатысуымен диагностикалық аспаптарды пайдалана отырып, тастардың сараптық бағалауының қолданылып жүрген әдістеріне сәйкес сарапшы-геммолог жүзеге асырады.

20. Мынадай заттар үкіметтік (бюджеттік) резервке қабылдауға және есепке алынуға жатпайды: қымбат бағалы емес металдар, бағалы емес тастар және олардан жасалатын бұйымдар (бағалы емес тастардан ендірмелері бар қымбат бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдарды қоспағанда), асыл тастардың қалдықтары, сондай-ақ таза күйінде кемінде 10% алтыннан (платинадан) немесе 30% күмістен тұратын заттар, сондай-ақ қымбат бағалы металдар мен асыл тастардан тұрмайтын зерлі матадан жасалған бұйымдар.

Көрсетілген заттар өздерінің есебінен түскен жөнелтушілерге қайтаруға жатады. Қайтаруға жататын заттар жөнелтушілері бойынша пломбаланатын және 5-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда жөнелтушілерге қайтаруға жататын құндылықтары бар жердің таңбамен жарақтандырылатын жеке орынға буып-түйіледі. Оларды есептеу "Үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынуға жататын өзге де құндылықтар" құндылықтарының түрі бойынша жүргізіледі.

21. Құндылықтарды қабылдау кезінде олардың салмағы мен сапасын анықтау оларды кірден және сыртқы қосындылардан тазартудан кейін жүргізіледі. Тазарту ультрадыбысты тазартқышты және арнайы сұйық затты пайдалана отырып, бұйымдардың тұтастығын бұзбастан жүргізіледі.

Қымбат бағалы металдардың сынығына жатқызылған құндылықтар қолмен тазартылады.

22. Құндылықтарды қабылдау уақытында жөнелтушінің ілеспе құжаттарының деректерімен олардың іс жүзіндегі саны, қымбат бағалы металдардың немесе асыл тастардың түрі, қымбат бағалы металдардың пробасы бойынша құндылықтардың біреуден артық позициясына, салмағына (алтын мен платина бойынша 0,5 г-нан, күміс бойынша 5 г-нан, асыл тастар бойынша 0,05 караттан артық) алшақтықтар табылған кезде, сондай-ақ жөнелтушінің ілеспе құжаттарында құндылықтардың саны, салмағы және сапасы бойынша деректер болмаған жағдайда, құндылықтарды қабылдау және сұрыптау актісін ресімдеу тоқтатыла тұрады. Анықталған алшақтықтарды нақтылау үшін комиссия қымбат бағалы металдар қор бөлімінің бастығын және қымбат бағалы металдардың сақталуын бақылау бөлімінің бастығын, сондай-ақ сақтау орнының меңгерушісі мен бас бақылаушысын хабардар етеді. Анықталған алшақтықтарды нақтылағаннан кейін жөнелтушіге оның өкілінің қатысуымен анықталған алшақтықтарды және оларды қарау мерзімін көрсете отырып шағым жіберіледі.

Белгіленген мерзімде өкіл келмеген немесе жөнелтушінің анықталған алшақтықтармен келісімі туралы жазбаша растамасы болмаған жағдайда, құндылықтарды қабылдау және сұрыптау актісін ресімдеу оларды Орталыққа қабылдаудың қорытындылары бойынша жүргізіледі, Анықталған алшақтықтар туралы Орталық тиісті шаралар қабылдау үшін жөнелтушінің жоғары тұрған органдарын жазбаша хабардар етеді. Жазбаша жауап алмаған жағдайда, Орталық, белгіленген тәртіппен анықталған алшақтық фактілері немесе қосшы құжаттарда бұйымдардың сапа, салмақ, және сан көрсеткіштері болмағаны туралы құқық қорғау органдарына хабарлайды.

23. Қымбат бағалы металдардан және зергерлік тастардан (бұдан әрі - зергерлік бұйымдар) жасалған зергерлік, тұрмыстық және галантереялық бұйымдар түріндегі құндылықтар, сондай-ақ қымбат бағалы металдардан жасалған монеталар жұмыс үстелінде қабылдау және сұрыптау кезінде құндылық түрінің атауы және сұрыпталатын құндылықтардың пробасы көрсетіле отырып, таңбамен жарактандырылған пеналға (қорапқа) орналастырылады.

24. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау кезінде ілеспе құжаттарда келтірілген және Орталықта өлшеу мен сараптама нәтижесінде алынған олардың есептеу деректемелерін комиссияның сарапшысы қабылдау және сұрыптау актісінің белгіленген кестелік нысаны бойынша компьютерге жазады. Комиссияның бақылаушысы құндылықтардың көрсетілген деректемелерін әрбір салым (бұйым, монета, өнім түрі, қымбат бағалы металдардың біріктірілген сынығы) бойынша бақылау карточкасына жазады. Бір мәнді атауы бар күміс монеталар, бір түрдегі және пробадағы қымбат бағалы металдардың зергерлік сынығы және қымбат бағалы металдардың бір түріндегі және құрамдағы зергерлік емес сынығы жекелеген салымдарға біріктіріледі.

25. Қымбат бағалы емес металдарды қамтитын зергерлік бұйымдардың лигатуралық салмағы 6-қосымшада белгіленген "Қымбат бағалы емес металдарға, шайырға, гипске және с.с. бұйымдарға бағасын кеміту мәнінің кестесінде" келтірілген қосындыларға бағасын кеміту мәндерін ескере отырып қабылданады. Зергерлік бұйымдардағы көркем эмаль мен қарайтылған күміске бағасын кеміту жүргізілмейді. Зергерлік бұйымдардағы ендіrmелердің салмағы Орталықта қолданылып жүрген асыл, жартылай асыл, арзан құнды және синтетикалық тастардан жасалған ендіrmелердің есептеу салмағын анықтау әдістемесі бойынша белгіленеді.

26. Асыл және жартылай асыл тастары бар бұйымдарға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша заттық таңба толтырылады.

27. Бір түрдегі, бірақ түрлі пробадағы қымбат бағалы металдың ажыратылмас бөлігінен тұратын зергерлік бұйымдарды және зергерлік сынықты сұрыптау кезінде пробалардың мәні актіде пробаның алымда көп, ал бөлгіште - аз мәні

көрсетілетін бөлінді түрінде көрсетіледі. Бұл жағдайда химиялық таза қымбат бағалы металдың санын есептемесі пробаның аз мәні бойынша жүргізіледі.

28. Түрлі қымбат бағалы металдар (алтын, платина немесе күміс) зергерлік қорытпаларының ажыратылмас немесе ажыратылатын бөліктерінен тұратын күрделі бұйымдар олардың пробаларының мәніне қарамастан, қымбат бағалы металл түрінің атауы бойынша мынадай тәртіппен тиісті шотқа жатқызылады:

1) алтын - бұйымдағы басым қымбат бағалы металл бойынша платина б ұ й ы м д а р ы ;

2) алтын - бұйымда алтыны (платинасы) 5%-дан жоғары болған кезде 10 г. дейін жалпы салмағы бар күміс немесе платина күміс бұйымдар, сондай-ақ бұйымда алтыны (платинасы) 10%-дан жоғары болған кезде жалпы салмағы 10 г. артық бұйымдар тиісінше "Бұйымдардағы алтын (платина)" ал алтыны (платинасы) көрсетілген мәндерден аз болса - құндылықтардың "Бұйымдардағы күміс" түріне жатады.

Көрсетілген жағдайларда бұйымның химиялық таза салмағы есепке алынады, негізгі қымбат бағалы металл бойынша анықталады, ал ілеспелі қымбат бағалы металдың есептесу химиялық таза салмағы бұйымның жалпы салмағында "оның ішінде" ретінде есептеледі.

29. Шамамен тарихи, мұражайлық немесе антикварлық құндылықты білдіретін бұйымдар бас сарапшы-геммолог қарағаннан кейін қымбат бағалы металдың тиісті түрі бойынша құндылықтардың "Мұражайлық және антикварлық көруге арналған бұйымдар" түріне жатады.

30. Қымбат бағалы металдың біртекті емес қорытпасы бар зергерлік бұйымдар (бұйым пробасы мәндерінің оның түрлі бөліктерінде екі позициядан жоғарыға айырмашылығы болады), сондай-ақ шлихты және катодты алтын қабылдау кезінде құндылықтардың "Қайта қорытуға және талдауға" түріне ж а т а д ы .

Көрсетілген құндылықтар біртекті қорытпа кесегін алу үшін Орталық директорының 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген өкімі бойынша қайта қорыту және талдау үшін химиялық-талдама сараптамасы бөліміне тапсырылады. Жүргізілген жұмыстардың қорытындылары бойынша 9-қосымшаға сәйкес біртекті емес қорытпасы бар зергерлік бұйымдарды қайта қорыту және қайта қорыту өнімдерінің химиялық талдаулары актісі ресімделеді, оның негізінде алынған кесек құндылықтардың "Қымбат бағалы металдардың зергерлік сынығы" түріне жатқызылады.

31. Алыс шетелдің таңбасы бар зергерлік бұйымдар есепке алынады және республикада қабылданған соларға жақын ұқсас стандарттық пробалар бойынша б а ғ а л а н а д ы .

32. Қабылданған және пробалары мен түрлері бойынша сұрыпталған

үкіметтік (бюджеттік) резервтің құндылықтарын комиссия орындарына буып-түйеді. Бұл ретте құндылықтар актінің (салымның) әрбір позициясы бойынша жалпы салмағы мен пробасы көрсетіле отырып, таңбамен жарақтандырылады. Құндылықтар таңбамен бірге, ал асыл тастар немесе асыл тастардан ендірмелері бар құндылықтар заттық таңбамен қағазға оралады немесе полиэтилен пакетке орналастырылады, олар қабылдау және сұрыптау актісіне сәйкес өз кезегінде шүберек қапқа (орынға) буып-түйіледі.

Қаптың тігістері ішінде орналасуы және саңылауы болмауы тиіс. Қаптың аузы мықтап байланады және тұтас кендірмен тігіледі, ұштары құндылықтары бар орынның 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген таңбасының тесігіне өткізіледі, сарапшы мен бақылаушының пломбаларымен пломбаланады.

33. Құндылықтарды буып-түю оларды көшіру кезінде құндылықтардың бүлінуін болдырмауды ескере отырып жүргізілуі тиіс.

Хрустальді, шынылы, фарфорлы бұйымдарды және сағаттарды буып-түйген кезде құндылықтары бар орынның таңбасында "Байқаңыз лақтырмаңыз" деген белгі қойылады.

34. Құндылықтарды буып-түйген және құндылықтары бар орынның таңбасына қол қойған сарапшы мен бақылаушы құндылықтарды салудың толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

35. Орындарына буып-түйілген және пломбаланған, түпкілікті қабылданған құндылықтарды сарапшы мен бақылаушы қымбат бағалы металдарды Орталық директорының 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген өкімі бойынша сақтау орнына сақтау орнының меңгерушісіне және сақтау орнының бас бақылаушысына тапсырады.

36. Жөнелтушілерден түскен кесек, ұнтақ немесе түйіршек түріндегі тәркіленген қымбат бағалы металдар, жалпы техникалық мақсаттағы өнімдер құндылықтардың "Талдауға және паспорттандыруға" түріне жатады және олардың химиялық құрамын талдау үшін Орталық директорының өкімі бойынша химиялық-талдама бөліміне беруге жатады.

37. Осы Нұсқаулықтың 31-тармағында санамаланған, айрықшалығы, паспорты бар, қолданылып жүрген стандарттарға (техникалық шарттарға) жауап беретін, құрамы химиялық-талдама сараптамасы бөлімінің химиялық талдауларының қорытындыларымен расталған өнімдер сұрыпталады және тиісті түрдің өнімі ретінде жазылады.

38. Қымбат бағалы металдардың зергерлік сынығына жататын зергерлік пробаға сәйкес келетін қымбат бағалы металдардың қорытпасы түріндегі өнімді қоспағанда, қолөнер өндірісінің өнімдері, сондай-ақ техникалық шарттар мен стандарттардың талаптарына жауап бермейтін өнімдер қымбат бағалы

металдардың зергерлік емес сынығына жатады.

39. Айрықшалық пен паспортсыз келіп түскен, бірақ химиялық талдаулар қорытындылары бойынша техникалық шарттар мен стандарттардың талаптарына жауап беретін өнімге Орталықтың химиялық-талдама сараптамасы бөлімі химиялық талдау мен паспорттандырудың қорытындылары негізінде 12-қосымшаға сәйкес химиялық талдаулар мен паспорттандыру актісі, сондай-ақ техникалық шарттармен және стандартпен белгіленген нысандар бойынша өнімге айрықшалық және (немесе) паспорт ресімделеді. Көрсетілген өнім химиялық талдаулар мен паспорттандыру актісіне сәйкес құндылықтардың тиісті түріне жатады.

40. Министрлік республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен сатып алған тазартылған қымбат бағалы металдарды үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алу үшін қабылдау Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес жүргізіледі.

41. Құндылықтардың "Бұйымдардағы алтын (платина)" түрлеріне сынықтары жоқ темекі сауыттар мен шақшаларды қоспағанда, жеке киім-кешектің зергерлік алтын әшекейлері, үй-жайдың ішкі көрінісінің әшекейлеу, үстелді жабдықтау заттары жатады, темекі сауыттар мен шақшалар құндылықтардың бір атаулы түріне сұрыпталады және есептеледі.

42. Құндылықтардың "Бұйымдардағы күміс" түріне өңделген қымбат бағалы, жартылай асыл, арзан құнды және синтетикалық тастардың ендірмелерінсіз немесе ендірмелері бар үй-жайдың ішкі көрінісін әшекейлеу, үстелді жабдықтау және с.с. күміс заттар, сондай-ақ сынықтары жоқ шынылар, фарфорлар және с.с. жатады.

43. Құндылықтардың "Күміс галантерея" түріне күміс жатады.

Жеке киім-кешектің зергерлік күміс әшекейлері, сувенирлер, сондай-ақ күміс түйіндері бар інжу мен маржаннан жасалған бұйымдар (браслеттер, броштар, алқа және т.с.с.) жатады.

44. Монеталарды сұрыптау кезінде олардың мемлекеттік тиесілілігі, құндылығы және пробасы нумизматикалық каталогтар мен анықтамалықтарды пайдалана отырып белгіленеді.

Қабылдау және сұрыптау актісінде монеталардың шыққан жылы, монеталардың мемлекеттік тиесілілігі, құндылығы көрсетіледі.

45. Құндылықтардың "Монеталар" түріне қымбат бағалы металдардың тиісті түрі бойынша қымбат бағалы металдардан жасалған салмақты монеталар жатады. Қолдан жасалған, деформацияланған және саңлаулары бар және бүлінген монеталар қымбат бағалы металдардың сынығына жатады.

Қолдан жасалған монета түпнұсқадан салмағы мен пробасының мәндері, металдың түрі және каталогтар мен анықтамалықтарға сәйкес түпнұсқа

монеталарға тән басқа да белгілері бойынша ерекшеленеді.

46. Революцияға дейінгі чеканның салмақты алтын монеталарына тиісті атаулары кезінде мынадай мәндері бар монеталар жатады:

5 рубль - 4,25 - 4,3 грамм;

10 рубль - 8,5 - 8,6 грамм;

11 рубль - 12,75 - 12,8 грамм.

Егер монеталардың салмағы көрсетілген мәндерге сәйкес келмесе, олар алтынның сынығына жатады.

47. Алыс шетелдің монеталарын қоса алғанда, сарапшы нумизматикалық құндылығы бар монеталар ретінде анықтаған монеталар сұрыпталады және қымбат бағалы металдардың тиісті түрі бойынша құндылықтардың "Нумизматикаға қарауға арналған монеталар" түріне жатады.

48. Сарапшы тарихи, мұражайлық немесе антикварлық құндылығы бар заттар ретінде анықтаған қымбат бағалы металдардан жасалған ордендер, медальдар кеуде белгілері, жетондар және өзге де бұйымдар қымбат бағалы металдардың тиісті түрі бойынша құндылықтардың "Мұражайлық және антикварлық көруге арналған" түріне қабылданады және жатады.

49. Тарихи, мұражайлық немесе антикварлық құндылығы жоқ, Нұсқаулықтың 48-тармағында санамаланған заттар қымбат бағалы металдардың сынығы ретінде сұрыпталады.

Наградалармен бірге келіп түскен куәліктер, ордендік кітапшалар мен құжаттар қабылдау және сұрыптау актісімен қоса беріледі.

50. Құндылықтардың "Сағаттар" түріне қымбат бағалы металдардың түрлері бойынша дұрыс қалпындағы сағаттар жатады. Қабылдау және сұрыптау актісінде жалпы, лигатуралық және химиялық таза салмағы, әзірлеуші зауыттың атауы, сыртының нөмірлері және тетігі көрсетіледі. Сағаттың тетігін бағалау жүргізілмейді.

51. Сағат сыртының салмағы оны тетігінен және шешілетін браслеттен (белбеуден) ажыратқаннан кейін анықталады. Сырты мен браслеті қымбат бағалы металдардың бір түрінен жасалған шешілмейтін браслеттері бар сағаттар салмағы көрсетіле отырып, қабылдау және сұрыптау актісіне 1 дана ретінде қабылданады және жазылады. Егер шешілмейтін браслет қымбат бағалы металдың басқа түрінен жасалған болса - браслеттің лигатуралық және химиялық таза салмағы сағаттың жалпы салмағында "оның ішінде" ретінде жазылады және есептеледі. Егер шешілмейтін браслет қымбат бағалы емес металдан жасалған болса, оның есептеу салмағы сағат тетігінің салмағы сияқты қабылдау және сұрыптау актісінде сағаттың жалпы салмағында "оның ішінде" ретінде жазылады.

52. Тауарлық түрі бар баулы сағаттар 1 дана ретінде қабылданады. Тауарлық

түрі жоқ баулар "Құндылықтарды әзірлеуден қалған қалдықтар" ретінде бөлшектенеді және сұрыпталады.

Шешілетін браслеттері бар сағаттар бөлек қабылданады және қабылдау және сұрыптау актісінде екі жолмен: сағат - 1 дана; браслет - 1 дана деп жазылады.

53. Сырты аса көркем жасалған, сондай-ақ шамамен мұражайлық мәні бар сағаттар қымбат бағалы металдардың тиісті түрлері бойынша құндылықтардың "Мұражайлық және антикварлық көру үшін" түріне жатады.

54. Бұзылған, сондай-ақ өте қатты тозған сағаттарға демонтаж жасалады. Сағаттардың демонтаж жасалған сырты тиісті қымбат бағалы металдардың сынығына жатқызылады, ал арзан металдардан жасалған басқа бөліктері осы Нұсқаулықтың 62-тармағында көзделген тәртіппен сұрыпталады.

55. Ендірмелері бар бұйымдарды, зергерлік тастарды немесе жеке келіп түскен тастарды қабылдау және сұрыптау үшін сарапшы-геммолог комиссия сарапшысының және бақылаушысының қатысуымен геммологиялық жабдықтарды пайдалана отырып оларға диагностика жүргізеді. Жеке келіп түскен асыл тастарға және бұйымдардағы ендірмелерге, сондай-ақ бұйымдардың ендірмелеріндегі жартылай асыл тастарға оларды бағалауға қажетті сипаттамалар беріледі. Асыл және жартылай асыл тастардың көрсетілген сипаттамалары құндылықтарға қоса берілетін заттық таңбада көрсетіледі.

Геммологиялық сараптаманың қорытындылары қабылдау және сұрыптау актісінде де көрсетіледі және оны сарапшы-геммолог растайды.

56. Орталықтың сараптамасынан кейін жеке келіп түскен жартылай асыл, арзан құнды, синтетикалық тастар және олардан жасалған бұйымдар қабылданбайды және осы Нұсқаулықтың 20-тармағында көзделген тәртіппен қайтаруға жатады. Жарықтары бар синтетикалық тастар жоюға жатады.

57. Алуан түрлі асыл тастардан тұратын күрделі бұйымдар бұйымда басым асыл тастың атауы бойынша құндылықтардың түріне жатады. Қалған асыл, жартылай асыл, арзан құнды және синтетикалық тастар қабылдау және сұрыптау актісіне жазылады және "оның ішінде" ретінде есептеледі.

58. Қымбат бағалы металдардың зергерлік сынығына мынадай құндылықтар ж а т а д ы :

1) тарихи, мұражайлық, антикварлық және коммерциялық құндылығы жоқ, өте ескірген, деформацияланған, күрделі қалпына келтіру мен жөндеуді талап ететін қымбат бағалы металдардан жасалған зергерлік, тұрмыстық және галантереялық бұйымдар, сондай-ақ қымбат бағалы металдардың біртекті емес қ о р ы т п а с ы б а р б ұ й ы м д а р ;

2) нумизматикалық мәні жоқ қолдан жасалған, салмағы жоқ, деформацияланған және бүлінген монеталар;

3) тарихи құндылығы жоқ ордендер, медальдар, кеуде белгілері және с.с.;

4) бұзылған және тарихи мәні жоқ сағаттардың сырттары;
5) пайдалануда болған стоматологиялық өнімдер (протездер, дискілер, коронкалар және с.с.);

6) стандартты зергерлік пробаларға сәйкес келетін қымбат бағалы металдардың қорытпалары түріндегі жалпы техникалық мақсаттағы пайдалануда болған өнімдер.

59. Қымбат бағалы металдардың зергерлік емес сынығына мынадай құндылықтар жатады:

1) королькалар және қымбат бағалы металдардың өндіріс қалдықтары түріндегі жеке бөліктері;

2) қолөнер өндірісінің өнімі;

3) техникалық шарттар мен стандарттар талаптарына жауап бермейтін тазартылған қымбат бағалы металдар;

4) стандартты зергерлік пробаларға сәйкес келмейтін, қымбат бағалы металдардың қорытпасы түріндегі жалпы техникалық мақсаттағы өнімдер.

60. Қымбат бағалы металдардың сынығына жатқызылған құндылықтарға демонтаж жасалады, ерекше қасиетінен айырылады, салымдарға біріктіріледі. Зергерлік сынық қымбат бағалы металдардың түрлері мен пробалары бойынша біріктіріледі. Зергерлік емес сынық химиялық талдаулардың қорытындыларына (талдаулардың бюллетені) сәйкес қымбат бағалы металдың түрі және құрамының бірдей мәндері бойынша біріктіріледі, олардың бір данасы құндылықтармен бірге буып-түйіледі.

Салымның ең көп санын (көлемін) комиссия белгілейді және өлшеуіш жабдықтың жүк көтерімділігіне және талап етілетін дәлдігіне қарай және оларды қоймаға орналастыру мен көшірудің ыңғайлылығын ескере отырып он бес килограмнан аспауы тиіс.

Қабылдау және сұрыптау актісінде құндылықтарды қымбат бағалы металдардың тиісті түрлері бойынша сыныққа жатқызудың себебі көрсетіледі.

61. Қымбат бағалы металдардың сынығы қабылдау және сұрыптау актісінде салмағы мен пробасы көрсетіле отырып салымдары бойынша жеке көрсетіледі.

Бір түрдегі, бірақ әр түрлі пробадағы қымбат бағалы металдың ажыратылмас бөліктерінен тұратын қымбат бағалы металдардың сынығын сұрыптау және есептеу осы Нұсқаулықтың 27-тармағында, ал әр түрдегі қымбат бағалы металдардың ажыратылмас бөліктерінен тұратындары - осы Нұсқаулықтың 28-тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

62. Сағаттардың мыс қақпақтар, құрыш серіппелері және құндылықтары бар сәлемдемелерді әзірлеуден кейін қалған басқа да металл бөліктер, сондай-ақ резенкелер, әйнектер, шіріген маржан, басқа да металл емес қалдықтар, одан әрі пайдалануға жарамсыз буып-түю ыдысы мен материал қабылдау және сұрыптау

актісінде "Құндылықтарды әзірлеуден қалған, есептелмейтін" ретінде жазылады, олар сақтау орнының меңгерушісі мен бас бақылаушысының қатысуымен пайдаланылады және жойылады.

63. Құндылықтарды қайта өңдеуге немесе сатуға әзірлеу үшін қабылдау және сұрыптау процесінде қалыптастырылған құндылықтары бар жекелеген орындар Орталық директорының өкімі негізінде біріктіріледі. Құндылықтарды біріктірудің қорытындылары құндылықтардың түрлері мен пробалары жөніндегі тізімдемелер қоса берілетін 13-қосымшаға сәйкес құндылықтарды біріктіру актісінде көрсетіледі. Қымбат бағалы металдардың сынығына тізімдеме жасалмайды. Құндылықтарды біріктіру кезінде олардың салмағын, сапасын, бағасын тексеру, сондай-ақ құндылықтардың белгіленген түрлеріне жатқызуды нақтылау жүргізіледі.

4-тарау. Құндылықтары беру тәртібі

64. Орталықтан үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынған құндылықтарды беруге Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі (қаулысы, өкімі) және Министрлік бойынша тиісті бұйрық негіз болып табылады.

65. Орталықтан үкіметтік (бюджеттік) резервке есепке алынған құндылықтарды өңдеу (тазарту, қалпына келтіру, жөндеу және басқа да операциялар) мақсатында беруге Министрлік бойынша бұйрық негіз болып табылады.

